

Н. НҰРМАҒАНБЕТҚЫЗЫ¹✉, Б. АЛЬМУХАМБЕТОВА², Т. ИСКАКОВ²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана), E-mail:nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан)

***FLIPPED CLASSROOM ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТУРИЗМ МАМАНДЫҒЫ
СТУДЕНТТЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ОҚЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ***

Аңдатпа. Қазіргі таңда цифрлық технологиялар қоғамның барлық саласында қолданылатын негізгі құрамбөлікке айналды. Ғылымның мұндай жетістіктерін жоғарғы білім беруде қолдану бүгінгі таңда ең өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Оқыту процесіндегі заманауи цифрлық жетістіктерге негізделген білім беру әдістерінің бірі - *Flipped Classroom* технологиясы. Бұл технологияны кез келген білім беру деңгейінде білімгерлерді оқытуда қолдануға болады. Аталмыш мақаланың мақсаты – «Туризм» білім беру бағыты бойынша білім алатын студенттерді ағылшын тіліне оқыту кезеңінде *Flipped Classroom* технологиясын пайдаланудың тиімділігін зерттеу және дәлелдеу. Зерттеу әлемдік ғалымдардың технологияны қолданудың ерекшеліктерін сипаттау мақсатында жазған еңбектерін зерделеп, осы теориялық аспектілер негізінде Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 1 курс студенттеріне жүргізілген тәжірибені талқылап, қорытындылау бойынша жүргізілді. Мақаланың негізгі идеясы қазіргі кезеңге дейін жүргізілген ғалымдардың түрлі тәжірибелерін сараптай келе, Туризм білім беру бағдарламасы студенттерін ағылшын тіліне оңай әрі тиімді оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашу болып табылады. Технологияның ағылшын тілін оқытудағы практикалық тиімділігін анықтау үшін өткізілген тәжірибе барысында студенттер эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Студенттерден алдын ала алынған теориялық білімді тексеру тесті мен тәжірибеден кейінгі алынған тест нәтижелері және олардың ағылшынша сөйлеу қабілеті деңгейлерінің арақатынасында едәуір алға жылжу байқалды. Сондай-ақ, білімгерлердің ағылшын тіліне деген қызығушылықтары артып, шабыттары ояна бастады. Бұл өз кезегінде *Flipped Classroom* технологиясының цифрлық мүмкіндіктерге негізделген ең белсенді оқыту әдістерінің бірі екендігін дәлелдеді. Зерттеу жұмысының құндылығы *Flipped Classroom* технологиясын осы зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, Туризм мамандығы студенттеріне практикалық сабақ өткізу барысында жаңашыл идея ретінде қолдануға мүмкіндік болу арқылы көрінеді.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Нұрмағанбетқызы Н., Альмухамбетова Б., Искаков Т. *Flipped classroom* технологиясы арқылы туризм мамандығы студенттерін ағылшын тіліне оқытудың мүмкіндіктері // *Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality*. – 2024. –No4(6). –Б. 93–107. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-4/6.08>

***Cite us correctly:** Nurmaganbetqyzy N., Almuhambetdova B., Iskakov T. *Flipped classroom* tehnologiyasy arqyly turizm mamandygy studentterin aghylshyn tiline oqytudyn mumkindikteri [Opportunities for teaching English to tourism students through Flipped slassroom technology] // *Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality*. –2024. –No4(6). –Б. 93–107. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-4/6.08>

Кілт сөздер: Flipped Classroom, туризм, кадрлар даярлау, видеоматериал, онлайн-платформа, ағылшын тілі.

Кіріспе

Қазіргі таңда туризм саласында жоғары сапада қызмет көрсететін кадрлар даярлауда болашақ туризм мамандарының тілдік құзіреттілігін дамыту ерекше маңызға ие. Ал туризм саласында білікті мамандарды дайындап шығару процесі жаңашылдық пен заманауилықты талап ететін салалардың бірегейі болып саналады. Себебі, бүгінде оқыту саласында түрлі деңгейде әлемдік тенденциялар пайда болуда. Соның ішінде, оқытудың дәстүрлі форматынан цифрлық оқыту құралдарына көшуге негізделген Flipped Classroom технологиясы ерекше көзге түседі. Мамандар даярлау, оның ішінде туризм кадрларын оқытуда және олардың көптілділік қабілеттерін қалыптастыруда жаңашыл цифрлық технологияларды кеңінен қолданудың маңыздылығы 2022 жылдың 20-21 қазан аралығында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ұйымдастыруымен өткен «Білім беру, ғылым және индустриядағы цифрлық технологиялар» конференциясында аталып өтті. Әлемнің біршама елдерінен келген ғалым-зерттеушілер ақпараттық цифрлық технологиялардың қоғамның барлық сферасында, соның ішінде білім беру процесіндегі маңызының жыл сайын артып келе жатқандығын жеткізген. ЖОО-да кадрлар дайындау саласы жаңашылдықты талап ететін сфера болғандықтан, білім берудің заманауи тенденцияларын меңгеру және оны тәжірибе жүзінде қолдану қазіргі таңда әлем бойынша өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1]. Осы арқылы бүгінде білім беру процесіне сабақ өткізу әдістерінің неғұрлым жаңа әрі заманауи түрлерінің қолданылуының маңыздылығын ұғына аламыз. Білім беру процесінде білімгерлерді теориялық және практикалық біліммен бірдей қамтамасыз ету кешенді әдістер жүйесін қажет етеді. Ал мұндай кеңейтілген әдістерді қолданусыз студенттердің білім алуға деген құштарлығын және шабыттарын ояту мүмкін емес. Ал цифрлық технологияларды жоғары оқу орындарында оқыту процесіне ұтымды енгізу арқылы сабақты қызықты әрі ақпаратқа толы сипатта өткізуге болады. Яғни, білім беру процесін жүзеге асыру барысында оқытушы студенттерді тек теориялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың алған білімдерін тәжірибе жүзінде шыңдауына жағдай жасауы тиіс. Сондай-ақ, білім алушылардың бойында тапсырманы өз бетінше орындау және жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру өте маңызды аспектілердің бірі болып табылады.

Жүргізілген зерттеудің негізгі сипатына сәйкес, аталмыш мақала Flipped Classroom технологиясы арқылы Туризм мамандығы студенттерін ағылшын тіліне тиімді әрі оңайлатылған форматта оқытудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуді көздейді. Зерттеудің объектісі – ағылшын тілін оқыту процесіндегі Flipped Classroom технологиясы.

Жоғарыда аталған зерттеу мақсатына сәйкес, зерттеу жүргізу барысындағы бірнеше міндеттер анықталды:

- Flipped Classroom технологиясын қолдана отырып, оқыту процесі барысындағы білім алушылардың білім деңгейіндегі прогресті бақылау;
- Студенттердің оқу процесіне деген ынталарының оянуына, ағылшын тілі сабағында белсенді болуына Flipped Classroom технологиясының әсерін бағалау;
- Әлемдік зерттеушілердің тәжірибелері мен еңбектеріне сүйене отырып, Flipped Classroom технологиясын студенттердің шет тілін меңгеру процесіне ендірудің жаңа мүмкіндіктерін ұсыну.

Жалпылай алғанда, студенттердің оқу материалдарын терең игеруіне және оны тәжірибе жүзінде еркін шырдауына, сонымен қатар, сабақты терең мотивациямен оқуына жағдай жасау әрбір оқытушының кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Ал Flipped Classroom технологиясы бұл тұрғыда оқытушыға өз шеберлігін білім беру барысында ұтымды қолдануға көмектеседі. Жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесінде практикалық сабақ өткізудің дәстүрлі әдістері бойынша оқытудағы негізгі белсенді іс-әрекеттерді оқытушы орындайды. Бұл өз кезегінде студенттердің сабақта бейтарап немесе пассивті позицияда болуына әкеледі. Ал Flipped Classroom технологиясы бойынша, оқытудағы белсенді әрекеттерді орындайтын негізгі субъект – білім алушылар. Сондықтан да көптеген зерттеуші ғалымдар белсенді оқыту, біріктірілген оқыту және т.б. сынды білімгерлерге бағытталған оқыту теориялары Flipped Classroom технологиясының негізгі аспектісі деген пікірмен келіседі. Бұл жердегі белсенді оқыту түсінігі студенттерді оқыту процесіне кіріктірудің негізгі нұсқаулық әдісі ретінде түсіндіріледі. Flipped Classroom технологиясы бойынша, білім алушылар белсенді оқу тәжірибесін өз бетінше жүзеге асыра алады. Осылайша, олар сабақ уақытында пассивті тыңдаушылардан белсенді білім алушыларға айналады[2].

Ал Flipped Classroom технологиясының негізгі мәні оқытушының сабақ материалдарын дәстүрлі түрде түсіндірілуі мен аудиторияда орындалатын оқу белсенділіктерінің «төңкерілуінде». Яғни, оқытушы сабақ материалдарымен студенттерді сабақ уақыты басталғанға дейін алдын ала таныстырып қояды, ал аудитория бөлмесіне келгенде білімгерлер тек топтық немесе жеке жұмыс жасау арқылы игерген теориялық материалдарға сәйкес, практикалық тапсырмаларды орындауға назар қою арқылы алған білімдерін бекіте түседі. Оқытушы білім алушыларға жаңа тақырып материалдарын аудиоматериал, видеоматериал және басқа да цифрлық құралдар арқылы жібереді. Flipped Classroom технологиясы бойынша оқыту «тәжірибелік оқыту» формасында жүргізіледі. Бұл дегеніміз, аталмыш технологияның теориялық ақпараттарды оқумен шектелумен емес, игерілген білімді тәжірибе жүзінде көбірек шырдауға мүмкіндік беретіндігімен байланысты болып келеді[3].

Flipped Classroom технологиясы білім алушыларға сабақта белсенді болуға көмектеседі. Ағылшын тілі сабағындағы белсенді оқыту техникалары студенттердің сабаққа деген қызығушылығын жоғарылатып қана қоймай, олардың ағылшын тілі деңгейін оңай жоғарылатуға көмектеседі. Бұл білімгерлердің алдын ала жаңа сабақ материалдарымен танысып, уақытты үнемдей отырып, аудиториядағы уақытта оқытушының берген бағыт-бағдары бойынша оқу белсенділіктерін орындауымен және оқытушының әр білім алушымен жеке жұмыс жасауымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, ЖОО білімгерлеріне ағылшын тілін оқытуда Flipped Classroom технологиясын қолдану білімгерлерді оқыту процесінің негізгі субъектісі етуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқыту әдісімен салыстырғанда бұл технологияның тіл үйренудегі білімгерлердің академиялық жетістіктерінің жоғарылауына позитивті әсері бар. Көптеген ғалымдар Flipped Classroom технологиясы интерактивті цифрлық құрылғылармен және мобильді қосымшалармен тығыз байланысты болып табылатын әдіс болғандықтан, аталмыш технологияның білімгерлердің академиялық жетістіктерінің ілгерілеуіне қосатын үлесі жоғары екендігін дәлелдеді[4].

Ағылшын тілі сабағында Flipped Classroom технологиясын білімгерлердің барлық оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін пайдалануға болады. Мысалы, білімгерлердің ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін Flipped

Classroom технологиясы оқытушы мен білім алушы үшін де тиімді әдіс болып саналады. Көбіне дәстүрлі форматтағы оқыту әдісі бойынша ағылшын тілінде сөйлеу іс-әрекеті оқытушы тарапынан болатындықтан, білімгерлерде сөйлеу практикасын қалыптастыру процесі аз жүзеге асып жатады. Яғни, сабақ уақытындағы негізгі басым рөл оқытушыда болады. Flipped Classroom технологиясы оқытушы мен білімгер арасындағы коммуникация деңгейінің жоғарылауына, сондай-ақ бұл коммуникацияның оқытушы тарапынан бақыланып отыруына көмектеседі. Себебі, бұл технология бойынша әрбір білім алушы оқытушының берген бағыт-бағдары бойынша өз бетінше жеке жұмыс жасауға дағдыланады, әрі сабақ тақырыбы бойынша сөйлеу іс-әрекетін тәжірибе жүзінде орындайды. Білім алушыларға өтілетін сабақ материалдарын алдын ала жіберу арқылы сабақ өткізу барысында біршама уақыт үнемдеуге мүмкіндіктер бар. Үнемделген уақыт аудиториядағы уақытта білімгерлердің өзара диалог құру арқылы сөйлеу, коммуникация жасау әрекеттерін орындауға жұмсалады[5].

ЖОО студенттеріне өтілетін ағылшын тілі сабағында Flipped Classroom технологиясының көмегімен бірнеше оқыту әдістерін қолдана отырып, сабақты түрлендіруге болады:

1) Оқытушы білім алушыларға алдын ала жаңа сабақ тақырыбына байланысты видеоматериалдар немесе аудиоматериалдар жібереді. Материалдарды жіберу үшін кез келген онлайн-платформаны таңдайды және оны барлық білімгерлер үшін қолжетімді етеді. Жіберілген материалдар жаңа сабақтың тақырыбын толықтай ашуы және білімгерлер аудиторияға келгенде белсенді түрде талқылай алатын ақпараттарды қамтуы қажет;

2) Білімгерлер жіберілген сабақ материалдарымен аудитория бөлмесіне келерден бұрын үй тапсырмасы секілді жеке танысады;

3) Аудиторияда орындалатын практикалық тапсырмалардың барлығы видеодан алынған ақпараттарға негізделеді. Оқытушы білім алушыларға қажетінше нұсқау беріп отырады, тиісінше сабақ уақытында орындалатын белсенді оқу әрекеттері білім алушы тарапынан жүзеге асырылады[6].

Flipped Classroom технологиясын тіл үйренуде қолданудың тиімділігі жөнінде біршама еңбектер жазылған, дей тұрғанмен ол зерттеулердің барлығына ортақ бір ұқсастық - Flipped Classroom технологиясының сабақ өту процесінде алдын ала дайындалған немесе таспаға жазылған видеоматериалдарды пайдалануға негізделуін сипаттауда жатыр. Видеоматериалдар заманауи технологиялық құрылғылар мен цифрлық онлайн-ресурстардың көмегімен әзірленеді. Әрі қарай, оқу аудиториясындағы технологияның басқа да әдістеріне негізделген практикалық жұмыстармен дайын видеоматериалдардың интеграциялануы нәтижесінде сапалы сабақ өту процесіне қол жеткізуге болады. Flipped Classroom технологиясының негізгі мәні де осы аспекте жатыр. Яғни, білім беру процесі үздіксіз форматта аудиториядан тыс және аудиториядағы сабақ уақытында қатар жүзеге асырылуы қажет. Flipped Classroom технологиясы бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде оқытушы өз шеберлігі мен шығармашылығына байланысты сабақтың мәні мен мағынасын толықтай түсіндіре алатын видеоматериалдар әзірлеп, білімгерлердің назарына ұсынса, екінші кезеңде олардың барлық қажеттіліктері мен қабілеттеріне сай белсенді іс-әрекеттерді жөнді үйлестіруді қамтамасыз етуі қажет. Үшінші кезеңде аудиториядағы және аудиториядан тыс белсенді оқу әрекеттерін интеграциялау әдістерін жүзеге асырады. Төртінші кезеңде цифрландыру мен АКТ құрылғыларын тиімді қолдана отырып, барлық оқу әрекеттерін жүйелі түрде ұйымдастырады.

Білімгерлердің қызығушылығын ояту үшін видеоматериалдар түрлі анимациялық эффекттер, викториналық сұрақтар және басқа да қызықты құралдармен әзірленуі қажет. Монотонды видеолар білімгерлер үшін қызықсыз болуы мүмкін[7].

Flipped Classroom технологиясы бойынша оқытушы білім алушыларға тек кеңесші-нұсқаушы ретінде қызмет атқарады. Оқу барысындағы белсенді іс-әрекеттерді студенттер өз беттерінше орындайды. Сонымен қатар, келесі сабақ басталғанға дейін видеодан түсінген ақпараттарына қосымша ретінде басқа да материалдар іздей отырып, берілген практикалық тапсырмаларды уақтылы орындауы қажет. Бұл білімгерлерді жауапкершілікке, өз бетінше іздене білуге және өз-өздерін жоғары тәртіпке бағыттауға үйретеді[8].

Сабақ өткізу барысында Flipped Classroom технологиясының максималды тиімділігін жүзеге асыру үшін «оқытушы - студенттер», «студенттер - студенттер» арасындағы коммуникацияның жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажет. Бұл тұрғыда білімгерлердің Flipped Classroom технологиясы көмегімен материалды игеруге деген құлшыныстары мен қызығушылықтарының болмауы онды нәтижелерге әкелмеуі мүмкін [9].

Аудиториядағы оқу белсенділіктерін тиімді жүзеге асыру барысында бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Яғни, сұраққа жауап немесе өзара сұхбат әдісі, топтық талқылаулар, кейс-стади әдісі және т.б[10]. Білімгерлердің түсінбеген сұрақтарына оқытушылар жауап беру және оларды әрі қарай өз бетінше жұмыс істеуге бағыттау арқылы сабақ меңгерудің өнімділігі мен сапалылығын қамтамасыз етеді[11].

Оқытушы бағыт беруші және нұсқаушы рөлін атқарады және білім алушыларға қажет болған жағдайда көмек беріп отырады [12]. Ал білімгерлер өздерінің оқу барысындағы жетістіктерін бағалап, атап айтқанда оқуға қабілеттері, сабақ материалдарын меңгеру жылдамдықтары және түсіну деңгейлеріне бақылау жасай алады[13].

Flipped Classroom технологиясы студенттердің оқу материалдарын терең игеруге деген мотивациясы мен когнитивті ойлау қабілеттерін арттыруға айтарлықтай тиімді әсерін тигізеді [14]. Ол бірнеше мотивациялық факторларға байланысты: теориялық құзіреттілік [15], өз бетінше жұмыс жасай алу қабілеті, қауіпсіздік түсінігі және т.б. [16]. Аталмыш технологияның жаңашылдық инновациялық әдістері білім алушыға бағытталған білім беру процесінің жүзеге асуына мүмкіндік береді [17]. Яғни, әрбір білімгермен жеке жұмыс жасау, «оқытушы – бағыттаушы, білімгер – белсенді орындаушы» сызбасы арқылы оқу процесін өткізуге ыңғайлы шарттар туындайды.

Зерттеу әдістері

Тақырып төңірегінде зерттеу жүргізу барысында сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Шетелдік ғалымдардың Flipped Classroom технологиясы төңірегінде жазған еңбектеріне әдеби шолу жасалып, алынған мәліметтер мен деректерге талдау жасалды. Сандық әдістер студенттердің пре-тест және пост-тест нәтижелерін талдау барысында, ал сапалық зерттеу әдістері студенттердің оқу процесіндегі алға ілгерілеу прогресін сипаттау мақсатында қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Зерттеу тәжірибесі Түркістан қаласындағы Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 1 курс студенттерінің екі тобына өткізілді. Білім алушыларға жүргізілген эксперимент мерзімі 2 аптаны қамтыды. Зерттеу үшін «Халықаралық және ішкі туризм» білім беру бағдарламасының бірінші тобы эксперимент (А) тобы ретінде және екінші тобы бақылау (Б) тобы ретінде алынды. А тобына 2 апта мерзімдегі практикалық сабақ Flipped Classroom технологиясы бойынша өткізілсе, Б тобына дәстүрлі әдіс бойынша өткізілді.

Flipped Classroom технологиясы әдістерін қолданып сабақ өту процестерін бастамас бұрын А және Б тобы студенттерінен алдын ала тест қабылданды. Тест тапсырмалары өтілген сабақ бойынша грамматикалық ереже (10 сұрақ) және сабақ тақырыбының мазмұнын түсінуді (10 сұрақ) тексеруге негізделген 20 сұрақтан құрастырылды. Алдын ала тест нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 1):

Кесте 1 - Пре-тест бойынша білім алушылардың берген дұрыс жауаптарының саны (орташа)

Топтар	Грамматикалық бөлім	Тақырып мазмұнын түсіну	Жалпы
А	7	5	12
Б	5	6	11
Ескертпе: авторлармен құрастырылған			

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, алдын ала тест нәтижесі барлық білім алушылардан алынған жауаптардың арифметикалық ортасын табу арқылы белгілі болды. Яғни, грамматикалық бөлім бойынша, А тобындағы дұрыс жауаптардың орташа мәні 7 болса, Б тобында бұл көрсеткіш 5-ті құрады. Ал тиісінше, өтілген тақырыптың мазмұнына байланысты сұрақтарға дұрыс жауап беру көрсеткіші топтарда 5 және 6-ны құрады. Жалпы теориялық білім деңгейі орташа мәнде А тобында 12-ні құраса, Б тобында 11-ді көрсетті.

Тәжірибе аптасының бірінші сабағы басталмас бұрын білім алушыларға өтілетін сабақ тақырыбы туралы арнайы видео жіберіліп, аудиторияға келгенде білімгерлердің тақырып туралы ойлары ортаға салынды. Видео виртуалды шындық және оның маңызы туралы ақпаратты қамтыды. Видео білім алушыларға YouTube желісінен алынған сілтеме арқылы жіберілді. Студенттердің ойлары мен пікірлерін тыңдап болған соң, кітап материалдары бойынша сабақ өту процесіне көшу басталды. Аудиторияда білімгерлердің үйге алдын ала көру үшін берілген видео жайлы ойлары ортаға салынып, жұптық жұмыс ретінде оларға сөз немесе сөз тіркестерін жазуға арнайы орын қалдырылған жауап парақтары берілді. Білімгерлер екі-екіден бірігіп жауап парақтарын толтырды. Бұл тапсырма олардың видеодағы ақпаратты қаншалықты есте сақтағандығы мен ұғынғандығын тексеруге бағытталды. Оқылым тапсырмасы үшін білім алушыларға кітаптағы виртуалды шындық туралы мәтінді оқу және мәтін бойынша 3 топқа бөлініп, түсінік айту тапсырмасы берілді. Түсінік айту тапсырмасы да бұрынғы дәстүрлі әдіс бойынша емес, шығармашылық ойлау тәсілдеріне бағыттала отырып орындалды. Яғни, студенттер мәтінді оқып болған соң, постерлерге қысқа әрі нақты ақпарат жазып, топ бойынша қорғады. Бұл, бірінші кезекте, олардың коммуникациялық қабілеттерін дамытумен, екінші кезекте сабақ айтуға барлық білім алушының қатысуын қамтамасыз етумен байланысты. Кітап бойынша тапсырмаларды орындау көбінесе топтық форматта жүзеге асырылды. Үй тапсырмасына кестені толтыру тапсырмасы берілді және білім алушыларға тапсырманы Linoit платформасында орындау қажеттілігі түсіндірілді. Linoit – бұл көп пайдаланушыға бір мезетте қолжетімділік беруге мүмкіндік беретін, түрлі стикерлерді электронды тақтаға орналастырумен байланысты онлайн-платформа. Яғни, білімгерлер кестені толтыруға арналған сөздер мен сөз тіркестерін нумерация бойынша белгілеп, электронды стикерлерге жазып, оны тақтаға жапсырып қояды. Оқытушы келесі аптадағы сабақ басталғанша, студенттердің стикерлерін тексеріп, сабақ басталған уақытта қатемен жұмыс жасайды.

Тәжірибенің екінші сабағы басталған күні, білім алушылардың үй тапсырмасын дұрыс орындауын алдын ала тексеру жүргізілді. Оқытушы студенттердің платформадағы электронды тақтаға жапсырған стикерлеріне жазған жазбалардың дұрыстығын тексеріп, білімгерлермен бірге талқылау жүргізді. Үй тапсырмасын осылай ауқымды түрде тексеруге 20 минут уақыт жұмсалды. Сонымен қатар, қалған 25 минутта оқытушы арнайы Prezi.com онлайн-ресурсы арқылы дайындалған презентациялық материалды білім алушылардың назарына ұсынды. Презентацияда жаңа сабақ тақырыбына байланысты ақпараттар қамтылды. Жаңа сабақ тақырыбы цифрландыру құрылғылары және мобильді қосымшаларға байланысты болды. Презентацияның соңғы беттерінде берілген ақпаратты білімгерлердің дұрыс меңгергенін тексеруге бағытталған әртүрлі тапсырмалар берілді. Тапсырмалар жаңа сабақтың грамматикалық ережесі мен сабақтың мазмұнына сәйкестендіріліп құрастырылды. Бұл тапсырмалармен қатар білім алушыларға True&False тапсырмасын орындау үшін жауап парақтары таратылды. Парақты толтырып болған соң, олардан жауап парақтары жиналып алынып, келесі сабаққа «Mobile apps in the digital context» тақырыбында топтарға бөліну арқылы пікірталас ұйымдастыру тапсырмасы берілді, сонымен қатар білім алушыларға викториналық ойындар туралы видео сілтемесі аптаның үшінші сабағы басталардан бұрын жіберілетіні айтылды.

Тәжірибенің үшінші апта сабағында студенттер 3 топқа бөлініп, мобильді қосымшалардың пайдасы, зияны және цифрландыру заманындағы ерекшеліктері мәселелері жөнінде дискуссия ұйымдастырды. Пікірталас уақыты 20 минутқа созылды. Оқытушы білімгерлердің пікірталас кезеңінде мардымды сөйлеуі мен өз ойын еркін айта білу қабілеттерін бағалады. Сабақтың қалған 25 минут бөлігіне білім алушыларға топтарға бөлініп, жаңа сабақ тақырыбы «Викториналық ойындар» жайында ассоциогармма («Mind Mapping») құрастырып, барлық топ мүшелерімен қорғау тапсырмасы берілді. Студенттерді топтарға қайта бөлу стикер әдісі бойынша жүзеге асырылды. Студенттерді бағалау олардың постерге құрастырған ассоциогарммаларының толықтығы, видеодағы мәліметтердің дұрыс қамтылғандығы және білім алушылардың ақпаратты дұрыс әрі нақты жеткізе білуі секілді критерийлер арқылы жүзеге асырылды. Тәжірибенің екінші аптасындағы бірінші сабаққа білім алушыларға алдын ала видео жіберілетіні ескертіліп, Kahoot онлайн-платформасы арқылы тест сұрақтарын шешуге дайындалып келу қажеттігі тапсырылды.

Тәжірибенің екінші аптасының алғашқы күнгі сабағы басталмас бұрын білім алушыларға «Future Tenses» тақырыбында YouTube желісі арқылы видеоматериал жіберілді. Сабақ басталған уақытта білім алушыларға Kahoot платформасы арқылы грамматикалық ережелер қамтылған, 25 сұрақтан тұратын тест тапсырмасы берілді. Тапсырманы аяқтауға берілетін уақыт 25 минутты құрады. Тест сұрақтарына жауап беріп, әрбір студент өз баллдарымен танысқан соң, студенттер 2-ден бірігіп, кітап материалдары бойынша жаттығуларды орындады. Сондай-ақ, жаттығуларды орындау барысында студенттердің түсінбеген сұрақтарына оқытушы тарапынан жауап берілді. Бұл тәсіл студенттердің тапсырмаларды өзге білімгерлермен коммуникацияда бола отырып, әрі түсінбеген сұрақтарға оқытушының бақылауымен талдау жасауына мүмкіндік береді. Сабақ аяқталған соң, тәжірибенің бесінші күнгі сабағына білім алушыларға 3 топқа бөліне отырып, ToonTastic мобильді қосымшасы арқылы етістік келер шақ формаларын (Future Tenses) қолдана отырып, анимацияланған видео-диалог құрастырып, дайындап келу тапсырмасы берілді.

Тәжірибенің бесінші күні білімгерлер үйден алдын ала дайындап алып келген видео-

диалогтарын интерактивті тақта көмегімен назарға ұсынды. Әр топтың мүшелері қарама-қарсы топтың дайындап алып келген видеоматериалдарын анонимді түрде стикерлерге жазу арқылы бағалады. Ең үздік жасалған және грамматикалық ережелерді диалогтың көмегімен дұрыс нақтылап көрсете білген видеоматериалды анықтау үшін, барлық бағалау стикерлері жиналып, ең көп дауыс жинаған видео-диалог белгілі болды. Бұл білім алушыларға объективті пікір айта білуге, нақты критерий бойынша өзіндік ойларын қалыптастыра отырып, әріптестерінің жасаған жұмыстарын дұрыс бағалай білуге мүмкіндік береді. Оқытушы білімгерлердің жұмыстарын тақырыптың мәнін аша білу, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдану және шығармашылық қабілеттер мен идеялардың ұшқырлығы, сондай-ақ білімгерлердің қойған бағалары бойынша қорытындылап бағалады. Әрі қарай білім алушыларға жаңа сабақ тақырыбына (Writing an opinion essay) байланысты 5 минуттық анимациялық видео көрсетіліп, білімгерлердің видеодан алған білімдерін бекіте түсу үшін, оқытушы оларға жауап толтыру парақтарын ұсынды. Жауап парақтарын әр студент жеке өзі толтырып, оқытушы келесі сабаққа дейін тексеріп алып келу үшін парақтарды жинап алды. Үй тапсырмасы ретінде білім алушыларға еркін тақырыпта өзіндік пікір эссе жұмысын жазып, Linoit платформасына жүктеу тапсырылды.

Тәжірибенің соңғы сабағы басталардан бұрын білім алушыларға жаңа сабақ тақырыбына байланысты түрлі ұлттардың ерекшеліктері, мәдениеті туралы ақпарат беретін 10 минуттық видео жіберілді. Сабақ басталған соң, «рөлдік ойындар» әдісі бойынша білім алушыларға видеодан көрген ақпараттар бойынша әрбір ұлттың ерекшеліктерін түсіндіру тапсырмасы берілді. Сонымен қатар интерактивті тақта көмегімен білім алушыларға алдын ала дайындалған аудиоматериал қосылды. Бұл аудиоматериалда түрлі ұлттардың тілі, ұлттық музыкасы, әндері көрініс тапқан. Студенттер осы аудиожазбадағы ұлттардың атын атап, түсіндіруі қажет болды. Тапсырманы орындауға барлық білім алушылар 100% қызығушылық таныта отырып, қатысты. Сабақтың соңғы уақытында қосымша уақыт беріліп, білім алушылардан Post Test алынды. Аталмыш тест Flipped Classroom технологиясынан кейінгі студенттерде пайда болған ілгерілеу процесіне талдау жасау мақсатында алынған болатын (Кесте 2):

Кесте 2 - Пост-тест бойынша студенттердің берген дұрыс жауаптарының саны (орташа)

Топтар	Грамматикалық бөлім	Тақырып мазмұнын түсіну	Жалпы
А	9	8	17
Б	5	4	9
Ескертпе: авторлармен құрастырылған			

Жоғарыдағы кестеде көріп отырғанымыздай, Flipped Classroom технологиясын сабақ өту процесіне енгізудің білім алушылардың грамматиканы терең меңгеруі және сабақ тақырыбын еркін түсінуіне тигізетін әсері орасан зор. Мәселен, бақылау тобында (Б) тест сұрақтарының грамматика бөлімі тапсырмаларына дұрыс жауап берудің орташа мәні еш өзгеріссіз (5) болса, тақырып мазмұнына байланысты сұрақтарға қатесіз жауап беру көрсеткіші 6-дан 4-ке кеміген. Ал эксперименттік топта (А) алдын ала тест нәтижесімен салыстырғанда едәуір алға жылжу байқалған. Яғни, грамматикалық сұрақтарға дұрыс жауап берудің орташа көрсеткіші 7-ден 9-ға жоғарыласа, тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап

беру көрсеткіші 8-ді құрап, 3 балға жоғарылаған. Бұл дегеніміз, теориялық білім деңгейінің айтарлықтай дәрежеде жоғарылауын айғақтайды және бұл нәтиже олардың алынған білімді практикада көбірек шыңдауымен, сондай-ақ, Flipped Classroom технологиясына негізделген әдістер арқылы олардың сабақ оқуға деген қызығушылықтары мен шабыттарының өсуімен тығыз байланысты.

Сонымен қатар, білім алушылардан (61 студент) Flipped Classroom технологиясы арқылы сабақ өткізуге деген көзқарастарын сұрау мақсатында 20 сұрақтан тұратын анонимді сауалнама-сұхбат алынды (Қосымша 1).

Сұхбатқа жауап парақтары жиналып алынып, студенттердің Flipped Classroom технологиясы туралы ой-пікірлері сарапталып, жауаптарға талдау жасалды. Барлық жауаптарды саралай келе, Flipped Classroom технологиясының студенттердің ойымен қарағанда тиімділігін ең маңызды бірнеше аспектке бөліп қарастыруға болады (1-сурет):



Сурет 1 - Flipped Classroom технологиясы туралы білім алушылардан алынған сауалнама нәтижесі, %

Ескертпе: авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы 1-суретте көрсетілгендей, білім алушылардан алынған сауалнама нәтижесінің қорытындыларына сәйкес, Flipped Classroom технологиясының негізгі басым ерекшеліктерінің қатарына алдын ала жіберілетін видеоматериалдардың тиімділігі, тапсырмаларды толыққанды орындауға деген жауапкершілік пен сабаққа қызығушылықтың әсерінен білім алушылардың сабаққа келу және қатысу деңгейінің жоғарылауы, сабақ материалдарына алдын ала дайындық деңгейінің ілгерілеуі, сондай-ақ, аудиторияға келгенде белсенді түрде орындалатын практикалық жұмыстардың оңды әсері жатады. Мәселен, респонденттердің 31%-ы видеоматериалдар арқылы алдын ала сабақ тақырыбымен танысудың тиімділігін атап өтті. Яғни, видеоматериалдардағы ақпаратты түсінбеген жағдайда қайталап бірнеше мәрте көру мүмкіндігі бар. Не болмаса, ақпаратты бір рет тыңдап қана қоймай, көбірек есте сақтау үшін тағы қарап шығуға мүмкіндік береді. Кейбір

студенттер видеодағы ақпаратты тыңдаудың тағы бір тиімділігі ретінде мәліметті видеоны паузаға қоя отырып, асықпай конспектілеп алуға орасан зор жағдай жасайтындығын атап өтті. Сондай-ақ, сабаққа үлгерімді бақылау және олардың өзіндік пікірлерін сұрастыру барысында білім алушылардың 84%-ы сабаққа мейлінше көбірек қатысуға тырысатыны белгілі болды. Олардың ойынша, сабақ тақырыбымен видеоматериалдар көмегі арқылы алдын ала таныс болу сабаққа қатысуға деген құлшынысты арттырып, сабақты меңгеру қиындығын жеңу үшін сенімділік береді. Сонымен қатар, сабаққа қатысу өте қызықты болғандықтан, бір сөйлем арқылы болса да, өз ойларын жеткізуге ынталы екендіктерін жеткізді. Бұл студенттердің сабақ барысында белсенді болуларына жағдай жасайды. Видеоматериалдардың тиімділігінен студенттердің сабаққа алдын ала дайындық деңгейлерінің ілгерілеуі туындайды. Яғни, білімгерлердің басым бөлігі дайын видеодәрістерді, қызықты анимациялық бейне жазбаларды көру арқылы сабаққа ерекше шабытпен әрі белсенді болуға дайын болып келетінін жеткізді. Сабаққа алдын ала дайындықтың болуы олардың теориялық ақпараттарды терең ойланып, сабақтың негізгі мағынасына талдау жасап, алынған білімді тәжірибеде бекіте түсуге мүмкіндік береді. Білімгерлердің 69%-ның пікірінше, жаңа сабақты түсіндіру уақытын видеодәрістерге алмастырып, үнемдеу арқылы аудиторияда орындайтын белсенді іс-әрекеттердің көп болуы екінші тілді меңгеруде ең тиімді таптырмас әдіс болып табылады. Себебі, дәстүрлі әдіс бойынша практикалық сабақ уақытында ғана сабақ оқумен шектелу тіл үйрену үшін жеткіліксіз болады.

Жалпылай алғанда, сауалнаманың қорытындысына сәйкес, Flipped Classroom технологиясы білім алушыларға дайын ақпаратты бірнеше мәрте қайталап көруге және аудиторияға келгенде сол алынған ақпаратты түрлі белсенді оқу іс-әрекеттерін жасау арқылы бекіте түсіп, терең меңгеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, аталмыш технология студенттерді практикалық сабақта көбірек белсенді болуға баулиды. Бұл өз кезегінде сабақ мазмұнын жоғары деңгейде түсінуге және сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Қорытынды

Зерттеу жұмысының негізгі қорытындыларын айта келе, Flipped Classroom технологиясының ағылшын тілін меңгерудегі бірнеше маңызды рөлдерін атап өткен жөн. Ол ең біріншіден, білімгерлердің сабақты меңгеру және тәжірибе жүзінде алған білімдерін шыңдау мүмкіндіктерін арттырады. Сондай-ақ, қазіргі таңда қоғамның барлық сегменті қолданатын заманауи АКТ құрылғыларын сабақ өткізу барысында пайдалану олардың сабаққа деген құлшыныстарын максималды түрде жоғарылатады, әрі оқытушының берген бағытын ұстана отырып, өз бетінше жұмыс жасау әрекеттерін оңтайландырады. Зерттеулердің қорытындылары Flipped Classroom технологиясын сабақ өткізу процесіне енгізу білім алушылардың өзара коммуникативтік қабілеттерін арттыратынын да дәлелдеді. Яғни, бұл дәлелдемелерден ұғынатын негізгі тұжырым – технологияның ХХІ ғасырдағы нағыз интеллектуал білімгердің бойында болуы керек жан-жақты үздік қасиеттерді қалыптастыруға қосатын үлесі өте зор. Университеттің 1 курс студенттеріне жүргізілген жан-жақты сипаттап өткен екі апталық эксперимент технологияның ағылшын тілін үйрену деңгейін жылдамдатуға әрі екінші тілді меңгеруге деген нық қызығушылықтарының пайда болуына жағдай жасайтынын дәлелдеді. Ең бірінші ерекшелік ретінде, эксперименттік топ пен бақылау топтарының сабақ оқу процесіндегі негізгі көрсеткіштерінің салыстырмалы түрдегі айырмашылығын атауға болады. Эксперименттік топтан алынған алдын ала және

тәжірибеден кейінгі тест нәтижесіндегі көрсеткіштердің жоғарылығы бақылау тобындағы өзгеріссіз нәтижемен салыстырыла отырып, аталмыш технологияның теориялық және практикалық білімді шындай отырып, студенттердің жан-жақты білімін жетілдірудегі тиімділігі расталды. Екіншіден, білімгерлердің сабаққа қатысу деңгейінің жоғарылауы олардың жаңа тақырыппен алдын ала видеоматериалдар арқылы таныса отырып, кіріспе ақпаратты білуімен байланысты болатындығы белгілі болды. Үшіншіден, студенттердің заманауи АКТ құралдарын сауатты қолдану құзіреттіліктері артты. Бұл дегеніміз технологиялық құралдарды білім алу мақсатымен қолдану мүмкіншіліктерінің жоғарылауын білдіреді. Сонымен қатар, бұрынғы дәстүрлі әдіс бойынша білім алу процесіндегі басым жауапкершіліктің «білім алушыдан – оқытушыға» схемасынан жаңа «оқытушыдан – білім алушыға» ауысуы білімгерлердің біршама деңгейде оқытушының тек бағыт-бағдарын алу арқылы білім алуына жауапкершілігін өзіне алуына мүмкіндік береді.

Білім беру процесі жыл сайын тоқтаусыз жаңартылып, білімгерлердің қызығушылығын арттыруда жаңашыл әдістердің пайда болуын қажет ететін сала. Осы себепті де әрбір кәсіби шебер педагог әлемдік білім берудің заманауи тенденциялары көшіне әр уақытта оңай ілесу үшін жаңа ғылыми технологиялардың жетістіктерін қолдана отырып, сабақ өтуге қабілетті болуы тиіс. Бұл өз кезегінде білім саласында бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға мүмкіндік беретін бірден-бір жол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ/REFERENCES

1. Kan E. Digital Technologies in Education, Science and Industry [Electronic resource]. – 2022. – URL: <https://dtesi.iitu.edu.kz/> (Date of application 08.03.2022).
2. Akçayır, G., Akçayır, M. The flipped classroom: A review of its advantages and challenges // *Computers & Education*. – 2018. – No. 126, p. 334-345.
3. Awidi I. Paynter, T. The impact of a flipped classroom approach on student learning experience // *Computers & Education*. – 2019. – No. 128, p. 269-283.
4. Ayçiçek B., Yanpar Yelken T. The Effect of Flipped Classroom Model on Students' Classroom Engagement in Teaching English // *International journal of instruction*. – 2018. – Vol. 11. - No.2. – p. 385-398.
5. Abdullah M.Y., Hussin S., Ismail K. Implementation of Flipped Classroom Model and Its Effectiveness on English Speaking Performance // *International Journal of Emerging Technologies in Learning*. – 2019. – Vol. 14. – No.9.
6. Birová L. Flipped classroom in teaching english as a foreign Language to adult learners. University of Granada [Electronic resource]. - 2021. – URL: <http://hdl.handle.net/10481/66759> (Date of application 18.03.2022).
7. Basal A. The implementation of a flipped classroom in foreign language teaching // *Turkish online journal of distance education*. - 2015. - Vol. 16. - No.4. - p. 28-37. <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1092800.pdf>
8. Ngo H. K., Md Yunus M. Flipped Classroom in English Language Teaching and Learning: A Systematic Literature Review // *International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences*. – 2021. – Vol. 1. – No.3, p. 185-196.
9. Yavuz F., Ozdemir S. Flipped classroom approach in EFL context: Some associated factor // *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. – 2019. – Vol. 11. – No.4. – p. 238-244.
10. Choe E., Seong M.H. A case study of the flipped classroom in a Korean university general

English course // *Journal of Pan-Pacific Association of Applied Linguistics*. – 2016. – Vol. 20. – No.2. – p. 71-93.

11. Du Y. Discussion on flipped classroom teaching mode in college English teaching // *English Language Teaching*. – 2018. – Vol. 11. – No.11. – p. 92-97.

12. Abeysekera L., Dawson P. Motivation and cognitive load in the flipped classroom: Definition, rationale and a call for research // *Higher Education Research and Development*. – 2015. – Vol. 34. – No.1. – p. 1–14.

13. Bates A.W. *Teaching in a digital age: Guidelines for designing teaching and learning for a digital age*. University of British Columbia [Electronic resource]. – 2015. – URL: <https://opentextbc.ca/teachinginadigitalage/> (Date of application 18.05.2022).

14. Memon T.D., Jurin M., Kwan P., Jan T., Sidnal N., Nafi N. Studying learner’s perception of attaining graduate attributes in capstone project units using online Flipped classroom // *Education Sciences*. – 2021. – No.11. – pp.4-10.

15. Jong M.S., Chen G., Tam V., Hue M., Chen M. Design-based research on teacher facilitation in a pedagogic integration of Flipped Classroom and Social Enquiry learning // *Sustainability*. – 2022. – No. 14. – p.4.

16. Andujar A., Salaberri-Ramiro M.S., Cruz Martinez M.S. Integrating flipped foreign language learning through mobile devices: technology acceptance and flipped learning experience // *Sustainability*. – 2020. – No. 12. – pp.2-6.

17. Lavicza Z., Weinhandl R., Prodromou T., Andic B., Lieban D., Hohenwarter M., Fenyvesi K., Brownell C., Diego-Mantecon J. Developing and evaluating educational innovations for STEAM education in rapidly changing digital technology environments // *Sustainability*. – 2022. – No. 14. – p.9.

Қосымша 1. Анонимді сауалнама сұрақтары

No.	Questions	Totally disagree	Disagree	Partly agree	Agree	Totally agree
1	Flipped Classroom technology has aroused my interest in conducting scientific research					
2	I really liked that we did the project work and also conducted research using Flipped Classroom technology.					
3	Thanks to Flipped Classroom technology, I learned how to work with a team, together with other team members.					
4	I didn't know that digital technologies that we use in everyday life can be so actively used in studies					
5	I really enjoyed the discussions and debates held at the practical classes.					

6	The videos that the teacher sends us before attending a practical lesson are very simple, easy and interesting to understand.					
7	With the help of Flipped Classroom technology, I learned how to work with new innovative platforms, sites, resources that we didn't know about.					
8	Flipped Classroom technology helped me to do reading and searching on my own.					
9	At the beginning of each practical lesson, I had emotions of delight and anticipation of the lesson,					
10	In general, it was not so difficult for me to conduct research and perform project work using Flipped Classroom technology,					
11	I want other disciplines to be taught with this technology.					
Ескертпе: авторлармен құрастырылған						

Н. НҰРМАҒАНБЕТҚЫЗЫ

Докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана)
E-mail: nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz

Б. АЛЬМУХАМБЕТОВА

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан)
E-mail: botagoz.almukhambetova@iuth.edu.kz

Т. ИСКАКОВ

PhD, қауымдастырылған профессор
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан)
E-mail: t.iskakov@iuth.edu.kz

*03.11.2024ж. баспаға түсті
30.12.2024ж. басып шығаруға қабылданды*

N. NURMAGANBETKYZY¹✉, B. ALMUKHAMBETOVA², T. ISKAKOV²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), E-mail: nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz

²International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkestan)

OPPORTUNITIES FOR TEACHING ENGLISH TO STUDENTS OF THE TOURISM SPECIALTY USING FLIPPED CLASSROOM TECHNOLOGY

Abstract. Currently, digital technologies have become the main component used in all spheres

of society. The application of such scientific achievements in higher education is becoming one of the most relevant topics today. One of the educational methods based on modern digital achievements in the learning process is the Flipped Classroom technology. This technology can be used in teaching students at any level of education. The purpose of this article is to study and prove the effectiveness of using Flipped Classroom technology at the stage of teaching English to students studying in the educational field of Tourism. The research was conducted on the study of works written by world scientists in order to describe the features of the technology application, discuss and summarize the experience conducted by 1st year students of the International University of Tourism and Hospitality based on these theoretical aspects. The main idea of the article is to open up new opportunities for easy and effective teaching of English to students of the specialty Tourism by analyzing various experiments of scientists conducted so far. During the practice, in order to determine the practical effectiveness of technology in teaching English, students were divided into experimental and control groups. There has been significant progress in the ratio of the test of students' preliminary theoretical knowledge to the test results after practice and the level of their ability to speak English. Students' interest in the English language is also growing, and their inspiration is awakening. This, in turn, proved that Flipped Classroom technology is one of the most active learning methods based on digital capabilities. The value of the research work is expressed in the possibility of using Flipped Classroom technology as an innovative idea when conducting practical classes for students of the specialty Tourism based on the results of this study.

Keywords: *Flipped Classroom, tourism, training of personnel, videomaterial, online platform, English.*

Н. НУРМАГАНБЕТКЫЗЫ¹✉, Б. АЛЬМУХАМБЕТОВА², Т. ИСКАКОВ²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
(Казахстан, Астана), E-mail:nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz

²Международный университет туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан)

ВОЗМОЖНОСТИ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ ТУРИЗМ С ПОМОЩЬЮ ТЕХНОЛОГИИ FLIPPED CLASSROOM

Аннотация. В настоящее время цифровые технологии стали основным компонентом, используемым во всех сферах жизни общества. Применение таких достижений науки в высшем образовании сегодня становится одной из самых актуальных тем. Одним из образовательных методов, основанных на современных цифровых достижениях в процессе обучения, является технология Flipped Classroom. Эту технологию можно использовать при обучении обучающихся на любом уровне образования. Цель данной статьи-изучить и доказать эффективность использования технологии Flipped Classroom на этапе обучения английскому языку студентов, обучающихся по образовательному направлению "Туризм". Исследование проводилось по изучению работ, написанных мировыми учеными с целью описания особенностей применения технологии, обсуждению и обобщению опыта, проведенного студентами I курса Международного университета туризма и гостеприимства на основе этих теоретических аспектов. Основная идея статьи состоит в том, чтобы открыть новые возможности для легкого и эффективного обучения английскому языку студентов образовательной программы Туризм, проанализировав различные опыты ученых, проведенные до настоящего времени. В ходе проведенной

практики для определения практической эффективности технологии в обучении английскому языку студенты были разделены на экспериментальную и контрольную группы. Наблюдался значительный прогресс в соотношении проверочного теста предварительных теоретических знаний студентов и результатов теста после практики и уровня их способности говорить по-английски. Также растет интерес обучающихся к английскому языку, пробуждается их вдохновение. Это, в свою очередь, доказало, что технология *Flipped Classroom* является одним из самых активных методов обучения, основанных на цифровых возможностях. Ценность исследовательской работы выражается в возможности использования технологии *Flipped Classroom* в качестве новаторской идеи при проведении практических занятий для студентов специальности Туризм на основе результатов настоящего исследования.

Ключевые слова: *Flipped Classroom*, туризм, подготовка кадров, видеоматериал, онлайн-платформа, английский язык.